

ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!



### Құрметті Өмірзақ ҚАЖЫМҒАЛИҰЛЫ!

СІЗДІ ЕЛІМІЗДІҢ ЖОҒАРЫ МЕМАЛЕКЕТТІК МАРАПАТЫ – «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАЛУЫҢЫЗБЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚУТТЫҚТАЙМЫН!

Бұл жоғары марапат Сіздің көп жылғы еңбегіңізге, туған өлке мен ел дамуына қосқан зор үлесіңізге, абыройлы еңбек жолыңызға берілген лайықты баға. Сіз өнегелі өмір жолыңызбен жас ұрпаққа үлгі болып, қоғамда еңбекқорлық пен отаншылдықтың, парасат пен ізгіліктің жарқын үлгісін көрсете білдіңіз. Кейінгі жылдары өлкетану ісінде елеулі еңбектер атқарып, өңірдің өткені мен кеткенін ел жағында жаңғыртуға көп еңбек сіңіргеніңіз. Аудан жұртшылығы өмір тәжіриесі мол, рухы биік, елінің нағыз ардақты азамат ретінде ерекше құрметтейді.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақ-береке, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Еліңізге сіңірген еңбегіңіз әрдайым лайықты бағаланып, абыройыңыз арта берсін!

Құрметпен, аудан әкімі  
Абат ЖАНҒАЛИЕВ

### АҚЖОЛТАЙ ХАБАР

ЕЛІМІЗГЕ ТАНЫМАЛ БАСЫЛЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЗАҢ» ГАЗЕТІ 2018 ЖЫЛДАН БЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН КЕМЕЛ ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ VIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ШАРАСЫ БИЫЛ ТАРАЗ ШАҒАРЫНДА ӨТТІ. БҰЛ БАЙҚАУҒА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 68 ШЫҒАРМА ТҮСІП, ОНЫҢ ІШІНЕН 14-І ЖҮЛДЕГЕ ЛАЙЫҚТЫ ДЕП ТАБЫЛЫПТЫ. СОНЫҢ ҚАТАРЫНДА ГАЗЕТІМІЗДІҢ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ МАМАНЫ ҚАНАТ ҒУМАРОВТЫҢ БОЛҒАНЫ ҚУАНЫШТЫҒА АЛЫНУЫ ҚУАНЫШТЫ ЖӘЙТ» ДЕП ЖАЗҒАН ЕКЕН.

## ДЕТЕКТИВ БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Кең байтақ Қазақстанның әр өңірінен келген жүлдегерлерді республикаға танымал журналист, «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-нің директоры Досымбек Өтеғалиев, «Заң» газетінің бас редакторы Айнұр Сембаева үміткерлерді жылы қарсылап, қазақ детективінің атасы Кемел Тоқаевты көре қалған, ол

жайлы кітап жазған қаламгерлермен, танымал журналистермен, ұзақ жыл құқық қорғау органдарында жұмыс жасағандармен дидактастырды. Келесі күні көне Таразды саяхаттауға мүмкіндік жасады.Аңызға айналған Айша Бибі, Қарахан, Бабаджан-хатун, Әулиеата кесенелері мен басқа да ескерткіштерді аралаттырып, олардың

тарихынан хабардар болды.

Қаладағы Қазақстан халқы Ассамблеясы сарайында өткен жүлдегерлерді марапаттау шарасына әділқазылар алқасы мүшелері, құқық қорғау орындарының, Жамбыл облыстық әкімдігі мен облыстық сот қызметкерлері қатысты. Шараны «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС-нің директоры Досымбек Өтеғалиев ашып, байқау жайлы сөз сабақтап, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың оны ұйымдастырушыларға Алғыс хат жолдағанын, әділқазылар бағалағанда әділ шығуы үшін оларға берілген шығармалардың астында авторының аты-жөні мен қайда тұратыны көрсетілмегенін жеткізді. Демек, бәрі әділ өткен. Одан әрі марапаттау рәсімі басталып, барлық қатысушыларға ақшалай сертификаттармен қатар «Заң» «Заң» медиа-корпорациясы» ЖШС шығарған 2018 жылдан бері жүлде алған детектив шығармалар топтастырылған «Шытырман», «Тарих. Тұлға. Тағылым», «Фотошежіре» кітаптары, блокнот, естелік қалам табысталды.

Небір танымал қаламгерлердің басқосқан Кемел Тоқаев атындағы VIII республикалық детектив шығармалар байқауында Қанат Зарыханұлы «Кепкен балық» әңгімесімен 300 мың теңгелік ынталандыру сыйлығының сертификатына ие болды. Детектив тақырыбында облысымызда бірден-бір қалам тербейтін жазушы ретінде танымал әріптесіміздің бұл алғашқы байрағы емес, бұдан бұрын да осындай сыйлыққа ие болған еді.

Өз тілшіміз

### КӘСІПКЕРЛІК – КЕЛЕШЕГІМІЗ

## ТАБЫСТЫ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

ЕЛІМІЗДІҢ ӨЗГЕ Өңірлеріндей ауданымызда да АЛҒАШ РЕТ КӘСІПКЕРЛЕР КҮНІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ. КӘСІПКЕРЛІК – Өңірдің өркендеуінің, халықтың ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ. ІСКЕР АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ТАБЫСТЫ ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ Өңір ЭКОНОМИКАСЫ НЫҒАЯ ТҮСТІ. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЗАҢ 1992 ЖЫЛДЫҢ 4 ШІЛДЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН БОЛАТЫН. САЛАНЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ РЕТІНДЕ КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКС ҚАБЫЛДАНҒАН 2015 ЖЫЛДЫҢ 29 ҚАЗАНЫНА СӘЙКЕС БЕЛГІЛЕНДІ.

С.Көшекбаев атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен «Кәсіпкерлік – табысты елдің тұғыры» атты салтанатты шараға ел экономикасына ерекше серпін берген шағын бизнестің өкілдері көптеп жиылды. Алдымен фойдеде ұйымдастырылған аудан кәсіпкерлерінің көрме-жәрмеңкесі тамашаланды. Үлкен экраннан сала үздіктерінің еңбек жетістіктері, құттықтау тілектері назарға берілді.

«Кәсіпкерлікті дамыту бүгінгі күннің алға қойылған маңызды міндеттерінің бірі. Сала қаншалықты дамыса, экономикада соншалықты өркендеп өсе бермек. Баршаңызды кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Бұл мереке – ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген, іскерлік пен еңбектің, табандылық пен жауапкершіліктің символына айналған кәсіпкерлер қауымына деген жоғары

құрметтің көрінісі» деген аудан әкімі Абат Жанғалиев кәсіби мереке иелерін құттықтап, бизнестің бір топ озаттарына облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хатын табыстады. Кәсіпкерлер арасында мерекеге орай өткізілген волейбол жарысының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне кубок пен медальдар табыстады.

Келесі кезектерде аудандық мәслихат төрағасы Гүлжанат Қалиева, «Атапат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ерлан Хисметуллин, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалының директоры Әнуарбек Сәбитов, аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрлыбек Төлепов мінберге көтеріліп ұлықтау рәсімін жалғастырды. Шарада ауданның белгілі өнерпаздарымен бірге балабақша бүлдіршіндері тақпақ айтып, би билеп өнерлерін көрсетті.

Айбек МЕЙІРМАН



### ТОПЖАРҒАН

## БАХРЕЙННЕН – КҮМІС МЕДАЛЬ

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ЖАС СПОРТШЫЛАРЫ-МЫЗ ӘЛЕМДІК ЖАРЫ-СТАРДА ӘДЕМІ ОЙЫН ӨРНЕГІН КӨРСЕТИП, ЕЛІМІЗДІҢ АБЫРОЙ-ЫН АСҚАҚТАТУДА. ӘРИНЕ, ТҮРЛІ МЕМАЛЕКЕТТЕРДІҢ ҮКІЛІ ҮМІТІН ТҮ ЕТІП ЖЕТКЕН СПОРТШЫ-ЛАРДЫҢ АРА-СЫНДА ЖЕҢІС ОҢАЙЛЫҚПЕН КЕЛМЕЙДІ.



Бұл ұзақ дайындықтың, төккен тер мен қажымас қайраттың, болаттай берік мұқалмас ерік-жігердің арқасы. Мұнда жас спортшыларды шыңдап, бәйге атындай терін алып, қалыпқа салып, олардың жеңіске, өзіне деген сенімін арттыра білген жаттықтырушылардың да еңбегі ұшан-теңіз. Жақында Парсы шығанағындағы Бахрейн елінің астанасы Манама қаласында жастар арасында III Азия ойындары өтті. Оған әлемнің түрлі елдерінен оңдаған спортшылар қатысып, бақтарын сынады. Олардың қатарында қазақстандықтар да болды. Ауданымыздың Бірлік ауылының тумасы, Атырау қаласындағы олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат колледжінің 11 сынып оқушысы Жанайбек Шамұратов тазквондодан 73 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдегер атанды.

Спортшы қызымыз Нұрайлым Бакытжанқызы үшінші айналымға өте алмай қарсыласқа жол берді. Спорттық жарыстарда ондай болады. Бұл Нұрайлымның жігерін жанып, 2026 жылы Африканың Сенегал елінде болатын жастар арасында олимпиадада ел байрағын көтеруіне тілектеспіз. Жас спортшылардың жаттықтырушысы Руслан Аманғалиев.

Айнагүл ШАКУПОВА



АЛТЫ АЙҒА

жеке тұлғаларға – 2176,46 теңге,

заңды тұлғаларға – 3733,60 теңге.

БІР ЖЫЛҒА

жеке тұлғаларға – 4352,92 теңге,

заңды тұлғаларға – 7467,20 теңге.



ГАЗЕТКЕ

2026 жылға жазылу

жүріп жатыр!